

Қазақстан Республикасында акционерлік қоғамдардың акцияларының шығарылуын және өтелуін тіркеу тәртібі туралы ЕРЕЖЕ

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының қаулысы 1995 жылғы 12 мамырдағы N 4 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1995 жылғы 5 қазанда тіркелді. Тіркеу N 108. Күші жойылды - ҚР Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1996.02.13. N 18 қаулысымен

Бұл Ереже Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясының (бұдан әрі - Ұлттық комиссия) бағалы қағаздардың бастапқы және одан кейінгі эмиссиялары кезінде акциялардың шығарылуын, жарғылық қордың мөлшері өзгергенде акциялардың нақтылы құнының өзгеруін, сондай-ақ жарғылық қор азайған жағдайда немесе акционерлік қоғам қайта құрылғанда және таратылғанда акциялардың өтелуін тіркеуінің тәртібін реттейді.

1. Мемлекеттік тіркеуге мыналар жатады:

- бағалы қағаздардың бастапқы және одан кейінгі эмиссиялары, яғни бағалы қағаздарды өз атынан айналымға шығарушы және акциялар эмиссиясының шарттарынан туындайтын міндеттерді орындауға міндеттенуші заңды тұлғаның - эмитенттің акциялар шығаруы;

- акциялардың нақтылы құнын өзгеруін немесе акционерлік қоғамның жарғылық қорының мөлшері өзгерген жағдайда акциялардың өтелуі;

- акционерлік қоғамның таратылуына немесе қайта құрылуына орай акциялардың өтелуі.

2. Эмиссия мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

- акционерлік қоғам құрылып оның құрылтайшылары арасында акциялар орналастырылғанда;

- акционерлік қоғам қайта құрылғанда (қосылғанда, біріккенде, бөлінгенде, бөлініп шыққанда);

- акциялардың қосымша эмиссиясы арқылы акционерлік қоғамның жарғылық қорының мөлшері артқанда.

Акциялардың нақтылы құнының кемуі немесе артуы арқылы жарғылық қор өзгерген жағдайда акционерлік қоғам бұл өзгерістерді Ұлттық комиссияда тіркеуге міндетті. Егер акционерлік қоғамның жарғысында көзделген болса, акциялардың бір бөлігін өтеу жолымен жарғылық қордың азайтылуына рұқсат етіледі.

3. Акционерлік қоғам:

- заңды тұлға ретінде өзі мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап үш айдан кешіктірмей акциялардың эмиссиясын тіркеуден өткізуге;

- бастапқы эмиссия кезінде эмиссияның мемлекеттік нөмірін алған күннен бастап бір жыл ішінде акциялар шығаруға және орналастыруға;

- бұдан кейінгі эмиссияларда эмиссияның мемлекеттік нөмірін алған күннен бастап алты ай ішінде акциялар шығаруға және орналастыруға міндетті.

Эмитенттер бағалы қағаздардың есебінен арнайы мекемелерде - депозитарийлерде депозитарийлік шарт негізінде жүргізіп, сақтай алады.

4. Бағалы қағаздар эмиссиясы мынадай нысандарда жүзеге асырылады:

а) эмиссия проспектісін тіркеуден өткізіп, көпшілікке хабарлап және жарнамалық науқан жүргізе отырып, бағалы қағаздарды шексіз көп инвесторлар арасында ашық орналастыру;

б) тек эмитент құрылтайшыларының немесе бұрынырақ белгіленген, саны елуден аспайтын басқа инвесторлар арасында жабық орналастыру.

Акционерлік қоғам құрылған сәтте (заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап үш айдан кешіктірмей) акциялар эмиссиясы құрылтайшылар арасында тек қана жабық орналастыру түрінде жүзеге асырылады. Бұл ретте Ұлттық комиссияда акциялар эмиссиясы, жекешелендірілетін кәсіпорындарды қоспағанда, эмиссиялар проспектісін ұсынбай-ақ тіркелуі тиіс. Қалған жағдайларда эмиссия проспектісін міндетті түрде ұсыну талап етіледі. Жабық үлгідегі акционерлік қоғам акцияларының эмиссиясы проспектісіз-ақ тіркеле береді.

5. Бағалы қағаздар құжатталған және құжатталмаған түрде шығарыла береді.

6. Акционерлік қоғам құрылған кезде акциялар онға еселенетін тек бір номинал түрінде шығарылуға тиісті.

7. Алғашқы шығарылған бағалы қағаздарды тіркеу үшін, сондай-ақ қоғамның жарғылық қорының өзгеруіне байланысты эмиссияны қайта тіркеу кезінде мынадай құжаттардың болуы қажет:

- эмитенттің өтініші: ол эмиссияның сомасы мен құрылымы, акционерлік қоғамның түрі, эмиссияны қажет еткен себептері көрсетіле отырып, еркін түрде жазылады және оған эмитенттің лауазымды адамдары қол қояды;

- акционерлердің бағалы қағаздарды шығару жөнінде шешім қабылдаған жалпы жиналысының заң талаптарына сәйкес жазылған, шығарылатын бағалы қағаздарының қағаз түрінде немесе құжатталған түрде екендігі атап көрсетілген хаттамасы яки сол хаттамадан көшірме;

- мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің ксерокөшірмесі немесе нотариат куәландырған көшірмесі;

- барлық өзгертулерімен және толықтыруларымен қоса мемлекеттік тіркеу

органдарында куәландырылған жарғының тігілген және нотариатта куәландырылған көшірмесі;

- енгізілген өзгертулермен және толықтырулармен қоса құрылтай шартының көшірмесі немесе оның орнына жүретін құжаттың (мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасының екінші кезеңінде құрылған акционерлік қоғам үшін жекешелендіру жоспарының, бірінші кезеңде құрылған акционерлік қоғамдар үшін сатып алу - сату шартының), сондай-ақ мемлекеттік мүлік жөніндегі Мемлекеттік комитеттің немесе аймақтық комитетінің акционерлік қоғам құру туралы қаулысының көшірмесі;

- төленген ақының толықтығын және жарғылық қордың құрылымын (яғни ақшалай, бағалы қағаздармен, қозғалмайтын мүлікпен немесе басқа түрде төлеген үлестерді) растайтын банк анықтамасы, сондай-ақ басқа да құжаттар. Салымның ақшалай құны тек құрылтайшылардың арасындағы келісім бойынша белгіленбейді, ол тәуелсіз аудитордың растауын қажет етеді.

- бағалы қағаздар құжатталған түрде шығарылған болса акциялардың әр түрі мен номиналының үлгілері екі данадан, осы ережеге берілген N 1 қосымшаға сәйкес реквизиттерімен қоса;

- құжатталмаған түрде шығарылған жағдайда - депозитарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар депозитариймен шартының көшірмесі. Бұл шарт өз күшіне акциялар эмиссиясы мемлекеттік тіркеуден өткені жөніндегі куәлігі болған жағдайда енеді;

- эмиссия проспектісінің ұсынылған редакциясын қарап, бекіткені туралы басқарма мәжілісінің хаттамасы;

- бухгалтерлік баланстармен және басқа да қаржы құжаттарымен қоса тігілген эмиссия проспектісінің екі данасы - ол осы ереженің N 2 қосымшасында көзделген мәліметтер тізіміне сәйкес жасалуы тиіс.

Эмиссия проспектісіне акционерлік қоғам президентінің, бас бухгалтерінің, тексеру комиссиясы төрағасының қолы қойылып, акционерлік қоғамның мөрімен куәландырылады, эмитенттің қаржылық жағдайы мен төлеу қабілетінің беріктігі туралы аудитор қорытындысымен расталады;

- бағалы қағаздар жасалатын операцияларға эмиссияның сомасынан 0,5 процент мөлшерінде салық төленгендігі туралы төлем қағазының көшірмесі. Бұдан кейінгі әрбір эмиссияны тіркеген кезде міндетті түрде салық төленеді.

Акциялардың өтелгенін тіркегенде сондай-ақ жарғылық қор азайған кезде бағалы қағаздармен жүргізілген операцияларға салық салынбайды.

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасы шеңберінде (екінші кезең) мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлік қоғам етіп өзгерту арқылы құрылған акционерлік қоғамдар үшін жарғылық қордың толық төленгендігін растайтын анықтама мен аудиторлық қорытынды өткізу талап

етілмейді.

8. Бұдан кейінгі эмиссияларды тіркеуден өткізген жағдайда акционерлік қоғам мынадай құжаттар береді:

- эмитенттің өтініші;
 - құрылтайлық құжаттың белгіленген тәртіпте рәсімделген өзгертулері мен толықтырулары;
 - бағалы қағаздардың алдыңғы эмиссиясын тіркегендігі туралы құжаттың көшірмесі;
 - алдыңғы шығарылған бағалы қағаздарды орналастырудың қорытындылары туралы N қосымшаға сәйкес жасалған есеп;
 - акциялардың үлгілері немесе депозитариймен жасасқан шарттың көшірмесі;
- акционерлердің жалпы жиналысының бағалы қағаздарды эмиссиялау туралы хаттамасы немесе хаттамадан көшірме. Хаттамада жиналысқа қатысқандардың саны мен берілген дауыс саны туралы мәліметтер болуы керек. Егер акционерлік қоғамның Жарғылық қорында мемлекеттің үлесі болса, хаттамаға мемлекеттік акциялар пакетіне құзыры жүретін органның келісімін растайтын құжат қоса берілуі керек.

Хаттамада мемлекеттік пакеттің мөлшері және бұл акциялар пакетінің қанша дауыс санымен түскендігі, сондай-ақ қанша дауыс қолдап, қаншасы қарсы болғандығы туралы мәліметтер келтірілуі керек;

- екі дана эмиссия проспектісі;
- бағалы қағаздармен жасалатын операцияларға салық төленгендігі туралы төлем қағаздарының көшірмесі.

9. Акциялардың нақтылы құнының өзгергенін, сондай-ақ акционерлік қоғамның жарғылық қоры азаюына орай акциялардың сатылуы мен өтелуін тіркеу кезінде Ұлттық комиссияға мынадай құжаттар тапсырылуы қажет:

- жарғылық қорды өзгертудің себептері мен жолдары көрсетіле отырып, еркін түрде жазылған өтініш;
 - акционерлердің жарғылық қорды азайту туралы шешім қабылдаған жалпы жиналысының хаттамасы немесе хаттамадан көшірме;
 - акциялардың одан бұрынғы эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы құжаттың көшірмесі;
 - акцияларды орналастыру қорытындысы туралы есеп;
- Ұлттық комиссияның бекітуі үшін өзгертулері мен толықтырулары енгізілген эмиссия проспектісінің 2 данасы;
- белгіленген тәртіпте рәсімделіп құрылтай құжаттарына жасалған өзгертулер мен толықтырулар;
 - акциялардың сатып алынғанын және белігілі бөлігінің өтелгенін растайтын

құжаттар.

10. Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңға сәйкес қызметті лицензиялауға жататын акционерлік қоғамдардың (инвестициялық қорлар, зейнетақылық қорлар, қамсыздандыру компаниялары, банктер, т.б.) бағалы қағаздар шығаруын тіркеген кезде Ұлттық комиссияға қызметтің тиісті түріне берілген лицензияның көшірмесі қоса беріледі.

11. Шетелдік бағалы қағаздар жасау, сондай-ақ бағалы қағаздарының бланкілерін толтыру құқығына Ұлттық комиссияның арнайы рұқсатын алған заңды тұлғалар ие болады.

12. Эмиссияны тіркеу кезінде Ұлттық комиссия эмитенттен бұл акционерлік қоғамның қызметіне және құрылу ерекшелігіне қатысты қосымша құжат беруін талап етуге құқықты.

13. Бағалы қағаздар шығару туралы құжаттарды Ұлттық комиссия бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеуге қатысты құжаттар пакеті тапсырылған сәттен бастап 30 күн ішінде қарайды. Құжаттарды жетілдіре түсу және эмиссияны тіркеуге қайта өткізу үшін құжаттар эмитентке қайтарып берілген жағдайда оларды қарау мерзімі жаңадан есептеледі. Эмитенттің құжаттарды рәсімдеу тәртібі N 5 қосымша көрсетілген.

14. Ұлттық комиссия мынадай жағдайларда бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеуден бас тартуға және кідіре тұруға, сондай-ақ эмиссия іске асқан жоқ деп тануға құқықты:

- а) Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдары бұзылған болса;
- б) бағалы қағаздар шығару туралы жаңсақ мәліметтері бар хабар берілген болса;
- в) жазылу барысында эмиссия шартын айтарлықтай өзгертетін және инвесторларға қосымша хабарлауды талап ететін жаңа ақпарат келіп түссе;
- г) эмиссияның тіркелген көлемінен асып кетсе.

Шығарылған эмиссияны іске аспаған деп тану туралы хабарды Ұлттық комиссия эмитентке жазбаша түрде хабарлайды және ол ашық таратылған жағдайда бір айдың ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды.

Бағалы қағаздардың шығарылуын тіркеуден басқа негіздер бойынша бас тартуға жол берілмейді.

15. Бағалы қағаздар шығаруды тіркеуден бас тартқанын Ұлттық комиссия эмитентке жазбаша түрде мәлімдейді. Егер эмитент бағалы қағаздарды шығаруға салынған тыйым негізсіз деп есептесе, бұл шешімді ол сол арқылы даулай алады. Сот органы шешім шығарғанша бағалы қағаздар шығару процесі тоқтатыла тұрады.

16. Эмитенттің жоғарыда келтірілген барлық құжаттар мен эмиссия проспектісіне қол қойған лауазымды адамдарды бұл құжаттарда келтірілген

мәліметтердің нақтылығына, сондай-ақ бағалы қағаздар шығару ережелерінің сақталуына заңда белгіленген жауапкершілікті мойнына алады.

17. Ұлттық комиссия құжаттарда толық мәліметтер берілуін қамтамасыз етеді , сондай-ақ бағалы қағаздар шығарудың заңмен белгіленген ережелерінің сақталуына бақылау жасайды.

Ұлттық комиссия эмитенттің тіркеуге берген құжаттарындағы мәліметтердің сенімділігіне жауап бермейді.

18. Берілген құжаттарды қарағанда мына жайлар сарапқа түседі:

- эмиссия проспектісінде келтірілген мәліметтердің толықтығы;
- берілген құжаттарда бағалы қағаздарды шығару шарттарының қолданылып жүрген заңға сәйкестігі туралы тұжырым жасауға мүмкіндік беретін мәліметтердің болуы;

- эмиссия проспектісі текстінің құрылтайлық құжаттардағы мәліметтерге, баланс пен есепке сәйкестігі.

19. Берілген құжаттар қолданылып жүрген заң мен осы ереже талаптарына сәйкес келмеген жағдайда олар, нақтылы кемшіліктері мен жаңсақ жерлері жазбаша түрде көрсетіле отырып, эмитентке түзету үшін қайтарылады.

20. Берілген құжаттар қолданылып жүрген заң мен осы ереже талаптарына сәйкес келсе осы ереженің N 3 қосымшасына сай эмитентке, тіркеуден өткен күні мен тіркеу нөмірлері көрсетіле отырып, бағалы қағаздар эмиссиясының мемлекеттік тіркеу актісін растайтын куәлік беріледі.

Аталған куәлікпен қатар эмитент бағалы қағаздар эмиссиясының тіркеу нөмірі бар акциялар үлгісінің бір-бір данасын, сондай-ақ бау өткізіліп тігілген, Ұлттық комиссия атқарушы аппаратының мөрімен бекітілген және тіркеу нөмірі берілген эмиссия проспектісінің бір данасын алады.

21. Бағалы қағаздарды тіркеуден өткізгеннен кейін эмитент:

- осы шығарылған бағалы қағаздардың барлық ықтимал сатып алушыларының хабарлауына жететіндей мөлшерде эмиссия проспектісін жариялайды;

- бағалы қағаздарды құжатталған түрде шығаратын болса оларды басуға тапсырыс береді, дайындайды және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мерзімге оларды орналастырады;

- бағалы қағаздар ашық орналастырылған жағдайда эмитент мыналарды көрсете отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында шығарылым жайында хабар жариялайды:

а) эмитенттің жағдайы, толық атауы және заңды мекен-жайы;

б) эмитент қызметінің түрі;

в) бағалы қағаздардың түрі мен шығарылым мөлшері;

г) ықтимал инвесторлардың аясы;

- д) бағалы қағаздарды тарату мерзімінің басталуы мен аяқталуы;
- е) қызмет көрсететін депозитарий;
- ж) ықтимал инвесторлар осы шығарылымның бағалы қағаздарын қайдан алып, эмиссия проспектісінің мазмұнымен қай жерден таныса алатыны;
- з) эмитент мүлкінің қысқаша сипаттамасы.

Акцияларға жазылу жүргізілетіні туралы бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабар жайындағы Ұлттық комиссияға олар жарияланғаннан кейін бір айдың ішінде мәлімделеді. Бұл талаптың орындалмауы эмиссияны кідіртуге негіз болады.

Эмитент бағалы қағаздардың осы шығарылымы жөнінде сатып алушыларды толық және бірдей хабардар етуге міндетті.

Эмиссияны мемлекеттік тіркеу жүзеге асырылғанға шейін бағалы қағаздарды бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамалауға тыйым салынады.

Бағалы қағаздарды орналастыру мерзімі аяқталған соң эмитент бір айдың ішінде Ұлттық комиссияға шығарылымның қорытындысы туралы есеп беруге міндетті.

Егер бағалы қағаздар шығарылымының қорытындысы туралы есеп берілген соң, келесі күннен бастап, 14 күн ішінде Ұлттық комиссия шығарылымды болмаған деп танығандағы хабарламаса онда мұндай шығарылым болған деп саналады.

Эмиссияның тіркеуден өткен мөлшері түгел орналастырылмаған жағдайда, эмитент акционерлердің кезектен тыс жиналысының өткізуге міндетті, онда эмиссияны болмаған деп тану және оның нақты мөлшерін бекіту туралы шешім қабылданады. Бұл жағдайда акциялардың бұл эмиссиясы осы ереженің 7-тармағына сәйкес Ұлттық комиссияда қайта тіркеуден өткізілуі тиіс.

Бағалы қағаздардың шығарылу қорытындысы туралы есепке қол қойған лауазымды адамдар онда келтірілген деректердің нақтылығына қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауап береді.

22. Эмитент қайта құрылған жағдайда (бірігу, қосылу, бөліну, бөлініп шығу) құқықты иеленуші акциялардың тіркелген эмиссиясын қайыра тіркеуден өткізуге міндетті. Бұл жағдайда Ұлттық комиссияға осы ереженің 7-тармағында көрсетілген құжаттардан басқа мынадай құжаттар тізімі беріледі.

22.1. Біріккенде (қосылғанда):

- бірігіп жатқан қоғамдардың эмиссиясын жаңа (алмастырушы) эмиссияға қайта тіркеу туралы құқық иеленушінің өтініші;
- бірігуге (қосылуға) тартылған қоғамдар арасында бірігу (қосылу) туралы заң талаптарына сай жасалған бірігуші (қосылушы) қоғамдар акциясын жаңа құрылушы қоғамның акциясына ауыстыру тәртібі көрсетілген шарт;
- қоғамдардың қосылуына (бірігуіне) Антимонополиялық комитеттің берген

қорытындысы;

- бірігуге (қосылуға) тартылған барлық акционерлік қоғам акционерлерінің жалпы жиналыстары қолданылып жүрген заң талаптарына сәйкес бірігу (қосылу) туралы қабылдаған шешімнің хаттамалары немесе хаттамалардан көшірме;

- акционерлік қоғамдардың әрқайсысы бұрын шығарған бағалы қағаздардың мемлекеттік тіркеуден растайтын құжат;

- бұрынғы акционерлік қоғамдардың өткізу баланстарының көшірмесі және құрылған қоғам балансының көшірмесі.

Жұмысын әлі жалғастырушы қоғамды біріктірген жағдайда ол акциялардың қосымша эмиссиясын тіркейді де осы ереженің 8-ші және 22.1.-ші тармақтарына сәйкес құжаттар тапсырады.

22.2. Бөлінгенде:

Бөлінген жағдайда қайта құрылушы қоғам тоқтатылғандықтан жаңадан құрылған барлық акционерлік қоғамдардың эмиссиялары тіркеуден өтуі тиіс. Осы ереженің 7-тармағында аталған құжаттардан басқа эмитенттер мыналарды ұсынуға міндетті:

- заң талаптарына сәйкес қайта құру туралы шешім қабылданған акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы;

- қайта құрылушы қоғам акцияларын жаңадан құрылып жатқан қоғамдардың акцияларына ауыстырудың акционерлердің жалпы жиналысы бекіткен тәртібі;

- жалпы жиналыс бекіткен мүлік бөлу тәртібі мен бөліну баланстары;

- егер бөліну Антимонополиялық комитеттің шешімі бойынша жүргізілетін болса, онда тиісті Қаулының ұсынылуы қажет.

22.3. Әлі жұмыс істеп тұрған қоғам бөлініп шыққан жағдайда эмиссия сомасының азаюын тіркетеді, ол үшін осы ереженің 8-ші және 22.2.-ші тармақтарының талаптарына сәйкес құжаттар өткізеді.

Егер бөлініп шыққан заңды тұлға акционерлік қоғам ретінде ұйымдасқан болса, онда ереженің 7-ші тармағының талаптарына сәйкес акциялардың алғашқы эмиссиясы тіркеледі.

Ұсынылған құжаттама негізінде Ұлттық комиссия Бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне тиісті мәлімет енгізеді.

23. Ұлттық комиссия бағалы қағаздарды сатып алушылардың, шығаралым процесіне қатысушылардың эмитенттің қолданылып жүрген заңды бұзғандығына жасаған шағымдары мен наразылықтарын қарайды.

24. Эмиссия кідірілген жағдайда эмитент байқалған кемшіліктерді

жоюға міндетті, бұдан соң Ұлттық комиссияның жазбаша арнайы рұқсатымен эмиссия қайта жасалуы мүмкін.

Шығарылым болмаған деп танылған жағдайда эмитент, ресми хабар алған сәттен бастап он күннің ішінде, эмиссияны тіркеу туралы куәлікті немесе анықтаманы және осы эмиссияның проспектісін Ұлттық комиссияға қайтаруға міндетті.

25. Ұлттық комиссияға берілетін құжаттар тек акционерлік қоғамның заңды өкілінен немесе сенімхат негізінде қабылданады.

26. Акционерлік қоғам таратылса немесе қай құрылса, сондай-ақ эмиссия болмаған деп танылған жағдайда бағалы қағаздардың қайтарып алу мен жою тәртібі Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының тиісті нормативтік актісі арқылы реттеледі.

Қосымшалар:

1. Акция үлгісі.
2. Эмиссияның үлгі проспектісі.
3. Тіркеу туралы куәліктің үлгісі.
4. Алдыңғы эмиссияны орналастырудың қорытындысы туралы үлгі есеп.
5. Берілетін құжаттаманы рәсімдеуге қойылатын талаптар.

Акционерлік қоғамдардың

акцияларының шығарылуын және
өтелуін Қазақстан Республикасында
тіркеу тәртібі туралы ережеге
N 1 қосымша

Акция үлгісі

бірінші бет
(оң жағы)

Акционерлік қоғамның фирмалық атауы және
оның тұратын жері

Ұлттық идентификациялық нөмірі _____
(Ұлттық комиссия береді)

Реттік нөмірі _____ Шығарылған уақыты
199__ ж. _____ " ____ "

Акция

Акциялар түрі (иесі аталған (көрсетіле салатын, жай) артықшылығы бар)

Акция бағасы _____ / _____ / теңге
(цифрмен) (жазуша)

Акция ұстаушының аты (иесі аталған акция үшін) _____

Акционерлік қоғамның жарғы қоры _____ / _____ теңге.
сомасы жазбаша

Мынадай акциялар шығарылды:

көрсетіле салатын жай (иесі аталған) белгіленген бағасы

_____ теңге, _____ теңгеге саны _____ дана.

артықшылығы бар иесі аталған белгіленген бағасы _____
теңге, _____ теңгеге, саны _____ дана.

Дивиденттің тіркелген мөлшері (артықшылығы бар акциялар бойынша).

Дивиденттерді төлеп біту мерзімі _____

Акциялардың шығарылуын
Қазақстан Республикасының Бағалы
қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы
тіркеді

Тіркеу нөмірі N _____

АҚ Басқармасының төрағасы

Бас бухгалтер

М.О.

(екінші беті)

теріс жағы

Табыстау жазбалары:

1. Иесі _____

Қолы _____

(тіркеуші)

Мөр

199__ж. _____ " __ "

2. Иесі _____

Қолы _____

(тіркеуші)

Мөр

199__ж. _____ " __ "

3. Иесі _____

Қолы _____

(тіркеуші)

Мөр

199__ж. _____ " __ "

4. Иесі _____

Қолы _____

(тіркеуші)

Мөр

199__ж. _____ " __ "

5. Иесі _____

Қолы _____

(тіркеуші)

Мөр

199__ж. _____ " __ "

6. Иесі _____

Қолы _____

(тіркеуші)

Мөр

199__ж. _____ " __ "

Акционерлік қоғамның заңды мекен-жайы.

Қазақстан Республикасында

акционерлік қоғамдардың
акцияларының шығарылуын және

өтелуін тіркеу тәртібі туралы
ережеге N 1-А қосымша

Акция үлгісі

бірінші бет (оң жағы)

Акционерлік қоғамның фирмалық атауы және оның тұратын жері

Ұлттық идентификациялық нөмірі _____

(Ұлттық комиссия береді)

Реттік нөмірі _____ Шығарылған уақыты

199__ж. _____ " ____ "

АКЦИЯ

Акциялар түрі (иесі аталған (көрсетіле салатын, жай) артықшылығы бар)

Акцияның дұрыс беру құқығы бар (дауыс беру құқығы жоқ)

бағасы _____ теңге (цифрмен)

(жазуша)

Акция ұстаушының аты (иесі аталған акция үшін) _____

Акционерлік қоғамның жарғы қоры _____ теңге

сомасы жазбаша Мынадай акциялар шығарылды : көрсетіле

салатын жай (иесі аталған) көрсетілген құны

_____ теңге, _____ теңгеге, саны _____ дана

артықшылығы бар иесі аталған көрсетілген құны

_____ теңге, _____ теңгеге, саны _____ дана

Дивиденттің тіркелген мөлшері (артықшылығы бар акциялар үшін)

Дивиденттерді төлеп біту мерзімі _____

Акциялардың шығарылуын

Қазақстан Республикасының Бағалы

қағаздар жөніндегі Ұлттық

комиссиясы тіркеді

Тіркеу нөмірі N _____ АҚ Басқармасының төрағасы
Бас бухгалтер
М.О.

Қазақстан Республикасында

акционерлік қоғамдардың
акцияларының шығарылуын және
өтелуін тіркеу тәртібі туралы
ережеге N 1 "Б" қосымша

Көрсетіле салатын акция үлгісі

(бірінші бет - оң жағы)

Акционерлік қоғамның фирмалық атауы және оның тұратын жері Ұлттық
идентификациялық нөмірі _____

(Ұлттық комиссия береді)

Реттік нөмірі _____ шығарылған уақыты

199__ж. _____ " ____ "

Көрсетіле салатын акция

Акцияның бағасы _____ / _____ / теңге

цифрмен жазбаша

Акционерлік қоғамның жарғы қоры.

_____ / _____ / теңге.

сомасы

жазбаша

Мынадай акциялар шығарылды:

көрсетіле салатын жай (иесі аталған көрсетілген құны) _____
_____ теңге, сомасы _____ теңгеге _____ дана
артықшылығы бар иесі аталған көрсетілген құны _____ теңге,
сомасы _____ теңгеге _____ дана.

Дивиденттерді төлеп біту мерзімі _____

Акциялардың шығарылуын

Қазақстан Республикасының

Бағалы қағаздар жөніндегі

Ұлттық комиссия тіркеді.

Тіркеу нөмірі _____

АҚ басқармасының төрағасы

Бас бухгалтер

М.О.

(екінші беті - теріс жағы)

Акционерлік қоғамның заңды мекен-жайы.

Акционерлік қоғамдардың акцияларының
шығарылуын және өтелуін Қазақстан
Республикасында тіркеу тәртібі туралы
ережеге N 2 қосымша

Бағалы қағаздар эмиссиясының проспектісі

I. Эмитент туралы негізгі мәліметтер

1. Эмитенттің толық және қысқарған түрдегі атауы _____

2. Эмитенттің ұйымдастыру-құқықтық түрі (акционерлік қоғам) және
акционерлік қоғамның үлгісі (ашық немесе жабық: жаппай жекешелендіру
бағдарламасына енгізілген кәсіпорындар ашық үлгідегі АҚ-ға
жатады) _____

3. Орналасқан жері және банк реквизиттері:

толық пошталық мекен-жайы _____

қызмет көрсететін банктің аты және оның орналасқан жері _____

Банктің Коды және ХҚҰ _____

4. Тіркеуші органның аты _____

5. АҚ мемлекеттік тіркелген күні _____

6. Мемлекеттік реестр бойынша шаруашылық етуші субъектінің нөмірі _____

7. Қызметің негізгі түрлері _____

8. Список всех акционеров эмитента, которые имеют не менее 5% от общего количества голосов, по следующей схеме:

<*>

Полное наименование акционеров-!Местонахождение !Доля акционеров
юридических лиц или Ф.И.О. !акционеров-юр.лиц!в уставном фонде
акционеров - физических лиц !или паспортные !(в процентах)

!данные акционеров !

! - физических лиц !

! !

При заполнении этого пункта следует указывать как физических,
так и юридических лиц, владеющих более 5 % голосующих акций,
выделяя государственный портфель акций.

9. Список всех членов исполнительного органа на момент принятия
решения о выпуске ценных бумаг по следующей схеме:

<*>

Фамилия, имя, отчество !Занимаемые должности в! Доля в уставном
члена исполнительного !настоящее время и за ! фонде эмитента
органа !последние 3 года ! (в процентах)

<*>

РҚАО-ның ескертуі: 8, 9-тармақтардың қазақша аудармасы
болмағандықтан орысша мәтінде беріліп отыр.

10. Эмитенттің қадағалаушы органының бағалы қағаздар шығару туралы шешім қабылданған сәттегі барлық мүшелерінің мына схема бойынша тізімі:

мүшесінің фамилиясы, | Осы уақыттағы және | Эмитенттің жарғы аты, әкесінің аты |соңғы 3 жылда |қорындағы үлесі
|атқарған қызметі |(процент есебімен)

9 және 10-тармақтарды толтырғанда көрсетілген лауазымды қызметкерлердің АҚ-дың Жарғы капиталындағы әрқайсының үлесін көрсету қажет

11. Жеке меншік қаражаттарының 5 проценттен астамына эмитент ие болған Қазақстан Республикасындағы және одан тыс жердегі барлық кәсіпорындардың, банктердің, фирмалардың және заңды тұлғалардың мына схема бойынша тізімі:

толық фирма атауы | Заңды мәртебесі | толық мекен-|ұйымның жеке меншік
| жайы | қаражатындағы
| | эмитенттің үлесі

12. Эмитенттің, Қазақстан Республикасында да және одан тыс жерлерде де атаулары мен орналасқан жері көрсетіле отырып, қай өндіріс, банк, қаржы топтарына, холдингтерге, ассоциацияларға, инвестициялық қорларға, қоғамдық ұйымдарға жататындығы, тауар, валюта, қор және басқа биржаларға мүшелігі.

_____ Өндіріс

топтары _____

Қаржы топтары _____ Банк

топтары _____

Қаржы топтары _____ Холдин

компаниясы _____

_____ Фирмал

_____ Ассоциациялар

 ұйымдар _____

 Биржалар _____

13. Эмитенттің барлық филиалдары мен бөлімшелерінің мына схема бойынша (мәлімет болмаған жағдайда соңғы үш тармақтың толтырылуы талап етілмейді.): тізімі:

 Толық атауы | | |

 Толық мекен-жайы | | |

 Ашылған күні | | |

 Басшының фамилиясы, аты, | | |

 әкесінің аты | | |

 Қызметінің түрі | | |

 Жеке меншік капиталы | | |

 Айналымы | | |

 Бағалы қағаздарды шығару | | |

туралы шешім қабылданбаған | | |

күнгі кірісі /+/немесе | | |

 шығыны /-/ | | |

11,12,13-сұрақтарға "жоқ" деген жауап берілетін болса, толық, кең көлемді жауап беру керек, мыс.: Акционерлік қоғамның филиалдары мен өкілдіктері жоқ.

14. Әрбір санат бойынша соңғы үш жылдың жыл аяғындағы жұмысшылар саны.

Өндіріс-кәсіпорнының негізгі			
өндірістік қызметтегі жұмысшылар			
саны (мысалы: өндірістік			
жұмысшылар, сауда компаниясының			
сатушылары			

Әкімшілік қызметшілер (мысалы			
бухгалтерия, жоспар бөлімі,			
басқа қызметтер)			

Тағы басқалары			
----------------	--	--	--

Барлығы:			
----------	--	--	--

1. Кәсіпорынның аяқталған соңғы 3 қаржы жылындағы немесе АҚ құрылған сәттен бастап, егер бұл мерзім 3 жылдан аз болса, әрбір аяқталған жылындағы аудиторлық тексеру дәлелдеген бухгалтерлік балансы (БҚЖК бойынша N 1-үлгі) мен балансқа қосымша (БҚЖК бойынша N 3-үлгі).

Бухгалтерлік баланс пен аудиторлық тексеру дәлелдеген құжаттарды Ұлттық комиссияға берердің алдындағы соңғы кварталдың аяғындағы бухгалтерлік балансқа қосымша.

Акционерлік қоғам тіркеуден өткен сәттен бастап әрбір аяқталған кезеңдегі бухгалтерлік баланстар екі данада берілуі тиіс.

Бухгалтерлік баланстың деректері акционерлік қоғам активтерінің өтімділік туралы қорытындысымен қоса, оның қаржы-шаруашылық қызметіне тексеру жүргізілгендігі туралы акт түрінде рәсімделіп, аудиторлық қорытындымен расталуы тиіс. Аудиторлық қорытынды тексеру жүргізген аудитордың қолымен және оның мөрімен сондай-ақ тексерілген акционерлік қоғамның басшысының және бас бухгалтерінің қолымен куәландырылуы тиіс. Егер тексеру мамандандырылған аудиторлық фирманың атынан жүргізілген болса, акт фирманың мөрімен және оның басшысының қолымен де куәландырылуы тиіс.

Егер құрылтай құжаттарындағы жарғы қорының мөлшері мен бухгалтерлік есептегі деректерде айырмашылық болатын болса, бұл айырмашылықтың

себептеріне анытама-түсініктеме қоса берілуі тиіс.

Бухгалтерлік баланстар эмиссия проспектілерімен бірге тігіледі.

2. Эмитенттің мемлекеттік тіркеуден өткен сәтінен бастап соңғы

аяқталған қаржы жылындағы немесе әрбір аяқталған кезеңіндегі аудиторлық тексеру дәлелдеген және олардың пайдаланылуы туралы толық есебі. (БҚЖК бойынша N 2-үлгі)

Түскен кірістердің пайдаланылуы және қаржы нәтижелері туралы есеп бекітілген үлгі бойынша АҚ тіркелген сәттен бастап, әрбір аяқталған кезеңге 2 данадан беріледі және не аудитор, не холдинг куәландырып, эмиссия проспектісімен қосып тігіледі.

3. Тәуелсіз аудитор туралы мәлімет:

Ф.А. және Ә.а. _____

Лицензия нөмірі _____

Аудиторлық фирманың

атауы және оның мекен-жайы _____

4. Эмитент мүлкінің мына схема бойынша қысқаша сипаттамасы:

Мүліктің түрі (мысалы: үйлер, | Соңғы қайта | Құны (бухгалтерлік құрылыс, көлік құралдары, | бағаланған | баланс мәліметтеріне станоктар мен құрал-жабдық | күні | сәйкес). және басқалар. | |

5. Жер учаскесінің мөлшері _____

6. АҚ балансында тұрған әлеуметтік мәдени-тұрмыстық объектілердің қысқаша сипаттамасы (мысалы: бала бақшалар, тұрғын үй демалыс үйлері, ауруханалар және т.б.)

әлеуметтік мәдени-тұрмыс | Оның орналасқан | Баланстық бағасы объектісінің атауы | жері |

7. Валюталардың әр түрі бойынша жеке-жеке шетел валютасымен кірістер мен шығыстар статъяларының бөлігі _____

8. Жарғы бойынша резерв қорының мөлшері (процентпен)

Резерв қорының бағалы қағаздар шығару туралы шешім қабылданған кездегі нақты мөлшері _____

Резерв қорының қаржыларын соңғы үш жылда немесе АҚ құрылған сәттен бергі кезеңде пайдаланылуы туралы есеп.

Резерв қорының қаржыларын	_____ жыл	_____ жыл	_____ жыл
пайдалану бағыттары			

Егер бағалы қағаздар шығару туралы шешім қабылданған сәтте резерв қоры қалыптаспаған болса, оны жауапта атап көрсету керек.

9. Аяқталған соңғы 3 қаржы жылында немесе эмитент құрылған сәттен

бастап аяқталған әрбір қаржы жылында түскен табыстан шыққан шығын процентпен (1-қосымшаны қараңыз) мына формула бойынша:

Несие бойынша айналым _____ "Жалпы өндірістік шығын 100 процент

Несие бойынша айналым _____ "Тауарларды, жұмысты қызмет көрсетуді іске асыру".

10. Соңғы 3 аяқталған қаржы жылындағы кірісті пайдаланудың негізгі бағыттары туралы мәлімет. (81-89 шоттардың дебеті негізінде мына схема бойынша жасалады). Қорға кез-келген ақша аудару (мысалы тұтыну және жинақ қорлары) мен 81-89 шоттар арасындағы ақша аударулар есептеу кезінде шығарып тасталатындығын ескеру керек).

Категория	199__	199__	199__
-----------	-------	-------	-------

Әлеуметтік сала объектілерін			
ұстауға кеткен шығыс			

Қызметкерлерге және қызметкерлер.			
-----------------------------------	--	--	--

дің пайдасына төленетін сыйақылар | | |
мен басқа сомалар | | |

Дивиденттер | | |

Проценттерді төлеу | | |

Басқа бағыттар бойынша кірістен | | |
пайдаланылған сомалар (алдыңғы | | |
категориялардың ешқайсысына | | |
енгізілмеген. | | |

Барлығы: | | |

11. Бағалы қағаздар шығару туралы шешім қабылдаған сәттегі салық төлеу бойынша мезгілі өтіп кеткен қарыздың мөлшері.

Салық түрі | Қарыздың сомасы

12. Несиелер бойынша қарыз туралы мәлімет (90, 92-95 шоттар негізінде жасалады, жеткізіп берушілерге қарыз енбейді).

Несие беруші. | Қаржыларды | Процент. | Процент. | Несиені | Кепілдік
нің атауы | пайдалану | ставкасы | терді соның | соның | (несиені
мысалы: Ұлттық | бағыттары | | ішінде мер. | ішінде | қамтама.
банк немесе | (мысалы: ай. | | зімі өткен. | мерзімі | сыз ету
басқа банктер | налым қаржы. | | дерін төлеу | өтіп | үшін
| ларын толық. | | мерзімі | кеткен. | банкке
| тыру, құрал. | | (күні, сома. | дерді | өткізіл.
| жабдықтар | | сы) | толық | ген)
| алу және | | | өтеп болу
| т.б. | | | күні |

13. Басқа несие берушілерге соңғы есеп күніндегі қарыздың жалпы сомасы (60-шот негізінде жасалып, жабдықтаушыларға және несие берілмейтін басқа ұйымдарға қарыздар енгізіледі, мысалы: электроқуатымен, жылумен жабдықтаушыларға детальдарды жинақтаушыларға т.б.) _____ теңг

14. Мына схема бойынша дебиторлық қарыз туралы мәлімет:

Дебиторлық атауы		Оның толық		Қарыздың өтеу		Өндіріп алудан
		мекен-жайы		сомасы, мерзімі		күдер үзілген
				қарыздың сомасы		

15. Күрделі қаржыларға қаражат жіберілгендігі туралы мәліметтер

а) Күрделі қаржылардың соңғы 3 жылдағы көлемі:

жыл		сома теңгемен		Жыл		Сома теңгемен		Жыл		Сома теңгемен
-----	--	---------------	--	-----	--	---------------	--	-----	--	---------------

б) Аяқталмаған құрылыс көлемі.

Объектінің атауы		Баланстық құны		Құрылыстың жоспарланған мерзімі		Объектіні игерудің деңгейі (процентпен)
------------------	--	----------------	--	---------------------------------	--	---

в) Орнатылмаған құрал-саймандар көлемі:

Құрал саймандардың аты		алынған жылы		Баланстық құны
------------------------	--	--------------	--	----------------

16. Бағалы қағаздар шығару туралы шешім қабылданған сәтке дейінгі 3 жыл ішіндегі эмитентке мемлекеттік басқару органдары, сот, төрелік немесе аралық сот салған әкімшілік және экономикалық санкциялар туралы мәліметтер.

а) санкция салынған күндер _____

б) санкцияны салған органдар _____

в) санкция салудың себептері _____

г) санкцияның түрлері (әкімшілік, қаржылық т.б.) _____

д) санкцияның мөлшері (қаржылық санкцияның) _____

е) санкциялардың бағалы қағаздар шығару туралы шешім қабылданған сәттегі орындалу деңгейі _____

17. Кәсіпорын өнімдерін негізгі тұтынушылардың мына үлгі бойынша тізімі:

Өнімді тұтынушының|Мекен-жайы|Сатылған өнімнің|Осы тұтынушымен
аты | |жалпы көлемінен |ұзақ мерзімді
| |осы тұтынушы |келісім-шарттар
| |алған АҚ өнімі. |бар ма және
| |нің үлесі |келісім шарттың
| | |мерзімі

18. Кәсіпорынның негізгі жабдықтаушыларының тізімі:

Жабдықтау.|Осы жабдықтаушы.|Бұл жабдық.|Жабдықтаушы.|Осы өнімді
шының аты |мен ұзақ мерзімді таушыдан |да жеткізіп |жеткізіп
және |келісім шарттар.|алынатын |беру жөнінен|бере алатын
мекен-жайы|тардың болуы және өнім |қиындықтар |басқа жаб.
|келісім-шарттар.|түрлері |немесе бола.|дықтаушылар
|дың мерзімі | |шақта болуы |бар ма (бар
| | |мүмкін қиын.|немесе жоқ)
		дықтар бар
		ма. (бар
		немесе жоқ)

19. Соңғы үш жыл ішінде өнім шығарудың салыстырмалы түрдегі
(заттай алғанда) динамикасы.

Шығарылатын | Жыл | Өнімнің | Жыл | Өнімнің | Жыл | Өнімнің
өнімнің | |шығарылу | |шығарулу | |шығарылу
негізгі | |көлемі | |көлемі | |көлемі
түрлері | |(дана) | |(дана) | |(дана)

20. Эмитенттің жарғылық қоры туралы мәліметтер:

а) Жарғылық капиталдың мөлшері (құрылтай құжаттары
бойынша) _____

б) бухгалтерлік баланс деректері бойынша жарғылық
капиталдың мөлшері _____

Бухгалтерлік есеп деректеріндегі жарғылық қор мөлшерінің құрылтай
құжаттарындағы деректерге сәйкес болуына айрықша көңіл аударылуы тиіс.

в) жарғылық қордың, акциялардың қосымша шығарылуын есептегендігі (алғашқы эмиссия кезінде толтырылмайды) мөлшері _____

г) жарғылық капиталды акцияларға бөлеу:
шығарылған акциялардың жалпы саны _____
солардың ішіндегі иесі белгілі жай акциялар _____
белгіленген бағасы солардың ішіндегі иесі белгілі артықшылық
акциялар _____ Құрылтайлық құжаттарына сәйкес белгіленген
бағасы _____

д) Жарғы капиталының төленген бөлігінің көлемі (жаппай жекешелендіру кезінде мемлекеттік меншікті өткізу арқылы қорының 100 проценті төленген) _____

21. Бағалы қағаздардың бұдан бұрынғы шығарылғандығы жөніндегі мәліметтер (алғашқы эмиссия кезінде толтырылмайды)

- а) бағалы қағаздардың түрі _____
- б) шығарылған күні _____
- в) орналастыру біткен күні _____
- г) белгіленген баға бойынша шығарылған көлемі _____
- д) эмиссиялар мен белгіленген бағалар бойынша акциялардың түрлеріне қарай бөле отырып, алдыңғы шығарылғандарын қоса есептегенде шығарылған акциялардың жалпы саны _____

е) дивиденттердің мөлшері (әр жыл және түрлері бойынша бөлек-бөлек)

III. Бағалы қағаздарды болашақта шығару жөніндегі мәліметтер

1. Бағалы қағаздар туралы жалпы деректер:

а) шығарудың жалпы көлемі (белгіленген баға бойынша) _____

б) шығарылған бағалы қағаздардың түрі және түрлері бойынша олардың саны _____ иесі белгілі жай акциялар: саны _____ белгіленген бағасы _____ иесі белгілі артықшылығы бар акциялар: саны _____ белгіленген бағасы _____

в) шығарылған акциялардың жалпы саны _____

г) бір бағалы қағаздың белгіленген бағасы _____

2. Бағалы қағаздарды шығарудың тәртібі туралы деректер:

а) бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылданған күн (АҚ басқармасының жалпы жиналысының немесе отырысы өткізілген күн): _____

б) АҚ Бағалы қағаздар шығару туралы шешім қабылдаған басқару органы _____

в) бағалы қағаздарды орналастыру процесінің басталуы (Бағалы қағаздарды БҚЖҰҚ-да тіркелген сәттен бұрын басталмайды), бағалы қағаздарды орналастыру процесінің аяқталуы (бағалы қағаздарды БҚЖҰҚ тіркеген сәттен бастап алты айдан кешіктірмей):

г) бағалы қағаздардың ықтимал сатып алушыларына шек қою (ашық үлгідегідей акционерлік қоғамдар үшін шек қойылмайды):

д) бағалы қағаздарды ықтимал сатып алушылардың сатып ала алатын (жазылатын) орны немесе орындары. (АҚ тұрған жерін немесе басқа орындарды көрсету): _____

е) дивиденттерді өтеу мерзімі (жарғыға сәйкес - жыл сайын немесе тоқсан сайын, белгіленген күннен кешіктірмей)

ж) шығару үлгісі (қажетінің асты сызылады)

- қолма-қол;

- затсыздандырылған түрде;

з) егер бар болса:

- орталықтандырылған қойманың атауы (бағалы қағаздарды сақтау болжанған жер) _____

- депозитарийдің атауы және депозитариймен шарт жасасқан күн _____

3. Бағалы қағаздардың құны мен есеп айырысу шарттарының деректері (бір акцияның құны (егер барлық бағалар үшін ортақ болса) бағаны анықтаудың жалпы шарттары (мысалы: аукцион немесе коммерциялық конкурс өткізудің тәртібі мен шарттары).

а) алынған акцияларды төлеудің тәртібі:

- төлемнің мерзімділігі _____
- есептеу түрі _____
- шоттың нөмірі _____
- дайындалып жатқан құжаттар және т.б. _____

в) акциялардың материалдық бағалы заттармен және басқа да ақшасыз түрде төленген бөлігі _____

Осындай төлеуді | Акцияларды төлеуге | Материалдық | Акциялардың
жүзеге асырушы | енгізілген материал. | бағалы | саны
инвесторлардың | дық бағалы заттардың | заттардың |
тізімі | тізімі | құны |

4. Бағалы қағаздар бойынша табыстар алынғандығы туралы деректер:

а) дивиденттердің мөлшері немесе акциялардың түрлері бойынша

дивиденттердің жеке-жеке мөлшерін анықтау тәртібі:

- артықшылығы бар акциялар бойынша дивиденттердің мөлшері (жарғыға сәйкес) _____

- жай акциялар бойынша жарғыға сәйкес дивиденттерді анықтау тәртібі.

Мысалы: Жай акциялар бойынша дивиденттер мөлшерін қаржы жылының қорытындысы бойынша АҚ басқармасы анықтайды және акционерлердің жалпы жиналысы бекітеді:

б) бағалы қағаздар иелері өздеріне тиесілі табыстарын ала алатын орын (АҚ кассасы): _____

в) дивиденттерді төлеудің мерзімділігі (бұдан басқа, жарғыға сәйкес алғашқы дивиденттерді төлеудің мерзімі) _____

г) бағалы қағаздар бойынша түскен пайдаларды төлеу тәртібін анықтайтын жағдайлардың күнтізбелік графигі.

- есептің күні (категория және табыс алушылардың тізімі анықталатын күн) _____

- төлем күні (белгіленген дивиденттер есептеле бастайтын күн.)
- мәні бар басқа да күндер _____

д) пайда табу үшін есептесу тәртібі (есептесу түрлері: қолма-қол,

ақшасыз есепшот нөмірі, рәсімделіп жатқан құжаттар т.б.)

5. Бағалы қағаздар шығару арқылы жинақталған қаражатты пайдалану бағыттары жаппай жекешелендіру бағдарламасы бойынша мемлекеттік кәсіпорыннан қайта құрылған акционерлік қоғам толтырмайды:

- жана өндіріс ұйымы (қандайы екенін дәл көрсетіңіз).

- қолда бар өндірісті кеңейту, модернизациялау не реконструкциялау (реконструкция жасалатын өндіріс бөлімшелерін атап көрсетіңіз) _____

- табиғат қорғау шараларын өткізу (қандай шара екенін дәл көрсетіңіз) _____

- жаңа технология дайындау және оны енгізу _____

6. Топтар бойынша тәуекелдік факторларының анализі (жан-жақты түсіну және мысал үшін N 2-қосымшаны қараңыз).

экономикалық |
(мысалы: эмитенттің қызмет аясының |
инфляцияға ұшырауы, банк процентінің |
кәсіпорынның айналым қаражатының |
қалыптасуына әсер етуі т.б.) |

бәсекенің әсері |
(мысалы: осы салада төмен бағамен |
ұқсас бұйымдар (өнімдер) шығаратын |
кәсіпорынның болуы және т.б. |

әлеуметтік |
(мысалы: бұл аймақта қажетті |

мамандардың болмауы, сол аймақтағы |
жағдайға жұмыс істеушілер санының |
қысқаруы мүмкіндігінің әсері, |
әлеуметтік-мәдени бағыттағы объекті. |
лерді ұстаудың кәсіпорын бюджетіне |
әсері. |

техникалық |
(мысалы: құрал-сайман бөліктерінің |
тозуы т.б.) |

экологиялық |
(мысалы: экологиялық нормативтердің |
бұзылуына байланысты кәсіпорынның |
жабылу мүмкіндігі) |

IV. Эмиссия проспектісіне акционерлік қоғамның президенті, бас бухгалтері, тексеру комиссиясының төрағасы қол қояды және мөрмен куәландырылады.

Мынаған көңіл аудару керек, барлық құжат мемлекеттік кәсіпорынның бұрынғы мөрімен емес, акционерлік қоғамның жаңа мөрімен куәландырылады.

Акционерлік қоғамдардың акцияларының
шығарылуын және өтелуін Қазақстан
Республикасында тіркеу тәртібі
туралы ережеге N 3 қосымша

Бағалы қағаздардың шығарылуын мемлекеттік
тіркеу туралы
Куәлік

Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық
комиссиясы _____

(тіркеген органның тұрған жері)

тіркелген _____

(толық атауы және заңды мекен-жайы)

акционерлік қоғамына жарғы қоры _____ теңге жағдайында,
жалпы сомасы _____ теңге болатын төмендегі бағалы
қағаздарды _____ шығаруға рұқсат етеді:

(эмиссияның нөмірі)

бағалы қағаздардың | саны | белгіленген | сомасы | код

түрі: | | бағасы | |

1 _____

2 _____

3 _____

4 _____

5 _____

Бағалы қағаздардың эмиссиясы _____ негізде (түрде)
жүзеге асырылады.

_____ акционерлік қоғамның эмиссия проспектісі
Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық
комиссиясында _____ нөмірмен тіркелді. Бағалы қағаздар
эмиссиясы _____ нөмірмен Мемлекеттік реестрге енгізілді.

Ұлттық комиссияның
төрағасы

Акционерлік қоғамдардың акцияларының

шығарылуын және өтеуін
Қазақстан Республикасында
тіркеу тәртібі туралы ережеге
N 4 қосымша

Бағалы қағаздардың алдыңғы эмиссиясын орналастырудың
қорытындылары туралы қалыпты есеп

1. Эмитенттің толық және қысқарған атауы.
2. Пошталық (заңды) мекен-жайы.
3. Эмиссияны мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі. Эмиссиясының мөлшері мен құрылымы (жалпы сомасы, түрлері мен белгіленген баға бойынша саны).
4. Шығарылу түрі: құжатты немесе құжатсыз түрде "Егер эмиссия құжатты түрде орналастырылған болса, онда бағалы қағаздарды дайындауға тапсырысты кім орындағанын көрсету қажет; егер құжатсыз түрде орналастырылған болса, акционерлік қоғамның бағалы қағаздарының қозғалысы депозитарлық есебінің қай жерде жүргізіліп жатқандығын көрсету қажет.
5. Ашық орналастырған жағдайда: эмиссия проспектісі жарияланған күн

мен орны.

6. Бағалы қағаздарды орналастырудың басталған және аяқталған күні: бағалы қағаздарды сатудың нақты бағасы.

7. Акцияларға төлеу мына жолдармен:

_____ сомада ақшалай қаражат өткізу.

_____ сомада акциялар үшін төлем ретінде берілген материалдық бағалы заттармен. басқа да - жүргізілді.

8. Жай және артықшылығы бар акциялар бойынша проценттер мен дивиденттердің мөлшері және төленген күні.

9. Жарғы қорының кем дегенде 5 процентіне ие болған акционерлер тізімі (заңды және жеке тұлғалар бөлек).

10. Есепке бірінші басшы, бас бухгалтер, тексеру комиссиясының төрағасы қол қояды және мөрмен куәландырылады.

Акционерлік қоғамдардың акцияларының

шығарылуын және өтелуін
Қазақстан Республикасында
тіркеу тәртібі туралы ережеге
N 5 қосымша

жауапты қызметкерлерінің қолы)

Қазақстан Республикасында акционерлік қоғамдардың
акцияларының шығарылуын және өтелуін тіркеу
тәртібі туралы ережеге өзгертулер мен
толықтырулар енгізу туралы қаулы

Қазақстан Республикасы аумағында бағалы қағаздардың шығарылуының және айналымының тәртіптерін реттестіру және стандарттау мақсатында Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясының 1995 жылғы мамырдың 12-сіндегі N 4 қаулысымен бекітілген "Қазақстан Республикасында акционерлік қоғамдардың акцияларының шығарылуын және өтелуін тіркеу тәртібі туралы ережеге" мынадай толықтырулар мен өзгертулер енгізілсін:

7-тармақтағы:

- 4-азат жол "мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің ксерокөшірмесі немесе нотариалды куәландырылған көшірмесі" сөздерінен кейін" сондай-ақ статистикалық есеп кәртішкесінің ксерокөшірмесі" деген сөздермен толықтырылсын;

- 5-азат жол мынадай редакцияда жазылсын: "жарғының барлық өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп, тігілген және нотариалды куәландырылған көшірмесі".

- 9-азат жол мынадай сөйлемдермен толықтырылсын: "Бағалы қағаздар құжатсыз шығарылатын жағдайда акционерлер реестрін жүргізуді өз бетімен жүзеге асырушы акционерлік қоғамдар бағалы қағаздар реестрін жүргізу тәртібі туралы бекітілген ішкі ереже мен эмитенттің бағалы қағаздармен операциялар жасауды жүзеге асыру құқығына берілген лицензиясының көшірмесін тапсыруы қажет. Бұл талап Қазақстан Республикасындағы тіркеушілік және депозитарлық қызметті реттейтін заң құжаттары қабылданғанға дейін жүреді.

- 10-азат жол: "басқарма мүшелерінің кем дегенде үштен екісі қол қойған" деген сөздермен толықтырылсын:

- мынадай мазмұндағы 15-азат жолмен толықтырылсын: "Жабық үлгідегі акционерлік қоғамдардың эмиссияларын тіркеу кезінде Ұлттық комиссияға бухгалтерлік баланстар мен осы Ережедегі N 2 қосымшаның талаптарына сәйкес

ашық орналастыру кезінде эмиссия проспектісіне қоса берілген басқа да қаржы құжаттары тапсырылады".

- 8-тармақтағы:

- 3 азат жол сондай-ақ жарғыға енгізіліп, нотариалды куәландырылған өзгертулер мен толықтырулардың көшірмесі" деген сөйлемдермен толықтырылсын;

- 9-азат жол: "бухгалтерлік баланспен және осы Ережедегі N 2 қосымшада көзделген деректер мен мәліметтер тізбесіне сәйкес жасалған басқа да қаржы құжаттарымен қоса тігілген" деген сөздермен толықтырылсын. Эмиссия проспектісіне акционерлік қоғам президентінің бас бухгалтердің, тексеру комиссиясы төрағасының қолы қойылып, акционерлік қоғамның мөрімен куәландырылып, эмитенттің қаржы жағдайының және төлеу қабілеттілігінің тұрақтылығы жайлы аудиторлық қорытындымен расталады. Жабық акционерлік қоғамның кейінгі эмиссияларын тіркеу кезінде Ұлттық комиссияға осы Ережедегі N 2 қосымшаның талаптарына сәйкес ашық орналастыру кезінде эмиссия проспектісіне қоса берілген қаржылық есептің тиісті түрдегі жылдық бухгалтерлік баланстары тапсырылады.

- 9-азат жолдан кейін мынадай мазмұндағы 10-азат жолмен толықтырылсын:

"эмиссия проспектісінің ұсынылып отырған редакциясын қарау және бекіту туралы басқарма мүшелерінің кем дегенде үштен екісі қол қойған хаттамасы".

10-азат жолдың бұрынғы редакциясы 11 - азат жол деп есептелінсін.

9-тармақ мынадай мазмұндағы 10-азат жолмен толықтырылсын: "Алдыңғы шығарылған акциялардың көрсетілген құны өзгертілгенін тіркеу кезінде акционерлік қоғам Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссияға мынадай құжаттар тапсыруға міндетті:

- акциялардың көрсетілген құнын өзгерту туралы шешім қабылдаған орган, шешім қабылданған күні, көрсетілген құнды өзгерту қажеттігін туғызған себептері, тиісті эмиссияны орналастыру ерекшеліктері көрсетілген өтініш;

- акциялардың тиісті эмиссиясын тіркеу туралы құжаттың түпнұсқасы;

Бұдан әрі акционерлік қоғам эмитенттің келісім бойынша Ұлттық комиссия белгілеген мерзімде бұрынғы көрсетілген құндағы акцияларды жою туралы акті тапсырады" .

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Эмиссияны тіркеу кезінде Ұлттық комиссия эмитенттен бұл акционерлік қоғамның қызметі мен құрылу ерекшеліктеріне қатысты қосымша құжаттарды тапсыруын талап етуге құқықты.

13-тармақ мынадай мазмұндағы азат жолмен толықтырылсын: "Эмиссияны тіркеуге құжаттарды қайталап тапсыру эмиссияны тіркеуге Ұлттық комиссияға құжаттарды бірінші рет тапсырған сәттен бастап бір тоқсан ішінде жүзеге

асырылуы керек. Материалдарды өңдеу көрсетілген мерзімнен асып кеткен жағдайда, эмитент талап етілген бухгалтерлік құжаттар мен соңғы есеп күніндегі аудиторлық қорытындыны тапсыруы қажет".

17-тармақ мынадай мазмұндағы 3 - азат жолмен толықтырылсын:

"Егер бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу "Бағалы қағаздардың мемлекеттік реестрін жүргізу тәртібі мен бағалы қағаздар идентификациясының ұлттық цифрлық жүйесі туралы" ереже бекітілгенге дейін жүзеге асырылған болса, Ұлттық комиссия тіркелген бағалы қағаздарға Ұлттық идентификациялық нөмірлерді тиісті эмиссияны тіркеу жөніндегі құжаттарды қарағаннан кейін береді.

Бұл үшін Ұлттық комиссияға акционерлік қоғамның өтініші, тіркелген эмиссияның проспектісі және эмиссияны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің көшірмесі өткізіледі.

4-қосымшадағы 9-тарау мынадай сөйлемдермен толықтырылсын: "Жарғы қорының 5 процентінен кеміне ие болған акционерлердің тізімі" басқа да акционерлер" делініп, заңды және жеке тұлғалар топтары бойынша бөлек өткізілсін".

4-тармақ мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын: "Эмиссияны орналастыру туралы есепке:

- тиісті эмиссияны мемлекеттік тіркеу туралы құжаттың көшірмесі;
- жарғы қорының толық төлемегендігін растайтын құжаттар қоса беріліп отыр".

5-қосымшаға бірінші сөйлемдегі "қағаздарға арналған папкада" сөздерінің алдынан "іс-қағаздарын тігетін папкада қатталған" сөздерімен толықтырылсын.

2. Бұл қаулы оған қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Ұлттық комиссияның төрағасы

Ұлттық комиссияның мүшелері

